

ABCDEFGHIJK
NOPQRSTUVWXYZ
ABCDEFGHI
NOPQRSTU

تورستان



ЛАТЫН ӘЛІПБИІ [latin әліпбиі]

Ел – бүгіншіл,
менікі – ертең үшін.

- el – бүгү^ншіл,
meniki – er^тең үш^үn.
- A.Baytursunulu

Латын әліпбиіне көшу



Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2017 жылдың соңына дейін латын қарпіндегі қазақ әліпбиінің жобасын әзірлеуді ұсынып, үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырды. Ал 2018 жылдан бастап жаңа әліпбиді үйрететін мамандарды және орта мектептерге арналған оқулықтарды дайындауға кірісуіміз қажет. Осылайша алдағы 2 жылда ұйымдастыру және әдістемелік жұмыстар жүргізіледі.

Тақырыбы :ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ

Мақсаты : табиғи

тіліміздің айтылымы мен жазылымына көшу.
Біздің ұстаным біреу– бүкіл түркі халықтарына
ортақ әліпби жасау қиын болса да, бір-біріміздің
мұрамызды оқи алуымыз керек.

Міндеті: Біз де уақыт көшінен қалып қоймай,
әлемдегі процестерге қосылу
үшін, жалпы ұлт ретінде сақталып қалуымыз
үшін латын жазуына көшуіміз керек.

Білу

- Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арнаған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деген болатын.
- Қазақ әліпбиін латын жазуына көшіру мәселесі Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бері қызу талқыланып келе жатқан тақырыптардың бірі. Былтырғы жыл соңында елбасы Нұрсұлтан Назарбаев латын графикасына өтетін уақытты белгілеп, бұл даудың ақырғы нүктесін қойған болатын.

Түсіну

- Елбасы: «Латын алфавиті біздің жыл санауымыздан 800 жыл бұрыннан келе жатыр, яғни үш мың жылға жуық уақыттан бері бар. Дүниежүзі елдерінің 80 пайызы латын қарпін қолданады» дегенді айтты. Қазақ әліпбиін латын жазуына көшіру үш кезең бойынша жүргізіледі:
- Бірінші – дайындық кезеңі. Онда көшірудің ғылыми негіздемесі, бұл реформаны құқықтық, экономикалық, әлеуметтік қамтамасыз ету негіздемесі әзірленеді.
- Екінші кезеңде мемлекеттік бағдарлама мен оны жүзеге асыру жоспары дайындалады.
- Үшінші кезеңде алдымен қазақ тілінің ономастикалық жүйесі – жергілікті жерлердің атаулары латын тіліне көшіріледі. Содан соң оқулықтар көшіріледі.
- Тілді деңгейлер бойынша оқыту – өткен ғасырдың 70-жылдарында жандана бастаған құбылыс. Атақты педагог Я.А.Коменский тілді толық меңгеріп шығуды төрт деңгейге бөліп қарастырады:
 - 1) балалық, былдырлаған тіл - қалай болса солай сөйлеп үйрену;
 - 2) жас өспірімдік тіл - дұрыс сөйлеу;
 - 3) жастық, өркендеу шағы - әдемі сөйлеу;
 - 4) ересек, өркендеу шағы - мәнерлеп, көркем сөйлеу.
- Қазақ тілінің қоғамдық қызметін кеңейтіп, оның маңызын, қажеттілігін табиғи түрде арттыру, жан-жақты дамытудың бірден-бір жолы – тілді міндетті оқытуды жүйелі түрде енгізу, оқыту сапасына қатаң талап қою, оның нәтижелеріне тұрақты бақылау жасау.

2 Миға шабуыл.

Сауалнама

Латын әліпбиіне көшу мәселесі

1) Латын әліпбиіне көшуді қолдайсыз ба?

А) ия Б) жоқ В) білмеймін

2) Қазақ қоғамы латын әліпбиіне көшуге дайын ба?

А) ия Б) жоқ В) білмеймін

3) Қазіргі әліпби сізді қанағаттандырады ма?

А) ия Б) жоқ В) білмеймін

4) Латын әліпбиіне көшу мәселесі сіз үшін маңызды ма?

А) ия Б) жоқ В) білмеймін

5) Латын әліпбиін қолдана аласыз ба?

А) ия Б) жоқ В) білмеймін

6) 2013 жылдың 1 Қыркүйегінен бастап елімізде кириллица мен латын әліпбиінің 5 жылдай өтпелі кезең шеңберінде қатар жүргізілуін жүзеге асыруға келісесіз бе?

А) ия Б) жоқ В) білмеймін

7) Латын әліпбиіне көшу ағылшын тілін үйренуге жол ашады деп ойлайсыз ба?

А) заман Б) саясат В) білмеймін

8) Латын әліпбиін қолдану қалған түркі тілдес елдер арасында өз беделімізді жоғарылататынына сенесіз бе?

А) ия Б) жоқ В) білмеймін

9) Латын әліпбиі қазақ тілін орыс тілі ықпалынан босататынына сенесіз бе?

А) ия Б) жоқ В) білмеймін

10) Латын әліпбиі қазақ тілінің ғылыми-техникалық потенциалын арттыра алады ма?

А) ия Б) жоқ В) білмеймін


11) Латын әліпбиін енгізу көптеген уақыт пен шығындардың алып келуімен келісесіз бе? Неліктен? ____

1	A a	[a]	17	N' n'	[ɲ], [ɲr]
2	A' a'	[ə]	18	O o	[o]
3	B b	[b]	19	O' o'	[o]
4	D d	[d]	20	P p	[p]
5	E e	[e]	21	Q q	[k]
6	F f	[f]	22	R r	[r]
7	G g	[r]	23	S s	[c]
8	G' g'	[r]	24	S' s'	[ʃ]
9	H h	[x], [h]	25	C' c'	[tʃ]
10	I i	[i]	26	T t	[t]
11	I' i'	[ɯ], [ɯ̃]	27	U u	[ʏ]
12	J j	[ʒ]	28	U' u'	[ʏ]
13	K k	[k]	29	V v	[v]
14	L l	[l]	30	Y y	[ɨ]
15	M m	[m]	31	Y' y'	[y]
16	N n	[n]	32	Z z	[z]

Ұлттық жоба.
Қазақ тілінің
жаңа латын
әліпбиі

Латын әліпбиі туралы мәлімет

Латын әліпбиі, әлемде кеңінен қолданылады. Б.з.б. 7 ғасырдада Римде грек және этрус әліпбиінің тармағы ретінде пайда болып, б.з. 1 ғасырында қалыптасты. Жазу оңнан солға немесе солдан оңға қарай (брустрофедон бойынша) жазылып, бағыты әрдайым алмасып отырған.



Латын әріптер

Қазақ тілі әліпбиінің кириллицадан латын графикасына көшірілуін қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

01. Қоса беріліп отырған латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиі бекітілсін.

02. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

О Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссия құрсын;

О қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшуін қамтамасыз етсін;

О осы Жарлықты іске асыру жөнінде өзге де, соның ішінде ұйымдастырушылық және заңнамалық сипаттағы, шаралар қабылдасын.

03. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

04. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Латын әліпбиіне көшу
— тіліміз үшін
жасалған игі қадам!**

Орта ғасырда Латын әліпбиі Еуропаға тарады, Африка, Америка және Азия халықтары пайдаланды. Латын сөздерін оқуға негізделген әріп таңбалары қалыптасты. Қазіргі латын әліпбиінде 26 әріп бар. Дауысты дыбыстар созылыңқы және қысқа айтылады, осыған байланысты сөздердің мағынасы өзгереді



Мына сызбанұсқада латын әліпбиінің әлемде таралуы көрсетілген. Қою-жасылмен латын әліпбиі ресми (немесе де-факто ресми) жазу болатын елдер; ал ашық-жасылмен — латын әліпбиі басқа жазулармен қатар пайдаланатын елдер көрсетілген.

Жаңа сабақтың таныстырылымы.

Жаңа латын әліпбиінің үлгісімен таныстыру

Жаңа латын әліпбиінің үлгісі



№	Латын таңбасы	Дыбысталуы	№	Латын таңбасы	Дыбысталуы
1	<i>Aa</i>	<i>Аа</i>	13	<i>Mm</i>	<i>Мм</i>
2	<i>Bb</i>	<i>Бб</i>	14	<i>Nn</i>	<i>Нн</i>
3	<i>Cc</i>	<i>Цц</i>	15	<i>Oo</i>	<i>Оо</i>
4	<i>Dd</i>	<i>Дд</i>	16	<i>Pp</i>	<i>Пп</i>
5	<i>Ee</i>	<i>Ее</i>	17	<i>Qq</i>	<i>Ққ</i>
6	<i>Ff</i>	<i>Фф</i>	18	<i>Rr</i>	<i>Рр</i>
7	<i>Gg</i>	<i>Гг</i>	19	<i>Ss</i>	<i>Сс</i>
8	<i>Hh</i>	<i>Хх/Һһ</i>	20	<i>Tt</i>	<i>Тт</i>
9	<i>Ii</i>	<i>Іі / Ии</i>	21	<i>Uu</i>	<i>Ұұ</i>
10	<i>Jj</i>	<i>Йй</i>	22	<i>Vv</i>	<i>Вв</i>
11	<i>Kk</i>	<i>Кк</i>	23	<i>Ww</i>	<i>Уу</i>
12	<i>Ll</i>	<i>Лл</i>	24	<i>Yy</i>	<i>Ыы</i>
			25	<i>Zz</i>	<i>Зз</i>



MyShared

Диграфтар



№	Латын таңбасы	Дыбысталуды	Транскрипциясы	Мысалы
1	<i>Gh / gh</i>	Ғғ	[гы]	<i>ghylym</i>
2	<i>Ch / ch</i>	Чч	[чы]	<i>chempion</i>
3	<i>Sh / sh</i>	Шш	[шы]	<i>shyndyq</i>
4	<i>Zh / zh</i>	Жж	[жы]	<i>zhazw</i>

Диграфтар



№	Латын таңбасы	Дыбысталуды	Транскрипциясы	Мысалы
1	<i>Ae / ae</i>	Әә	[ə] [æ]	<i>aelem</i>
2	<i>Oe / oe</i>	Өө	[ɵ]	<i>oerken</i>
3	<i>Ue / ue</i>	Үү	[y]	<i>uekimet</i>

Диграф



№	Латын таңбасы	Дыбысталуы	Транскрипциясы	Мысалы
1	<i>Ng/ng</i>	Ңң	[ың]	<i>tangba</i>



Қорытынды.

Қорыта келе латынның бізге берері дегенде толып жатқан тиімді тұстарын көрсетуге болады. Латынға көшкенімізде ұтатын тұстарымыз төмендегідей: Біріншіден, тіл тазалығы мәселесі. Тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік аламыз. Екіншіден, қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаратыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу – қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірізуге тиімді жолдар ашылады. Төртіншіден, түбі бір түркі дүниесі, негізінен, латынды қолданады. Біздерге олармен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуіміз керек.

кирилл

42 әріп

А а	Қ қ	Ф ф
Ә ә	Л л	Х х
Б б	М м	Ц ц
В в	Н н	Ч ч
Г г	Ң ң	Ш ш
Ғ ғ	О о	Щ щ
Д д	Ө ө	Э э
Е е	П п	Ы ы
Ё ё	Р р	І і
Ж ж	С с	Һ һ
З з	Т т	Ъ ъ
И и	У у	Ь ь
Й й	Ү ү	Ю ю
К к	Ү ү	Я я

латын

28 әріп

A a	Y y	P p
Ә ә	K k	R r
B b	Q q	S s
G g	L l	T t
Ğ ğ	M m	W w
D d	N n	U u
E e	Ŋ ŋ	Ü ü
J j	O o	Ş ş
Z z	Ö ö	I i
		İ i